

Жаңақала ауданы С. Меңдешев ауылдық округі Қырқопа ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы С. Меңдешев ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 4238 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Қырқопа ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, С. Меңдешев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақала ауданы С. Меңдешев ауылдық округі Қырқопа ауылындағы кейбір көше атаулары:

"Мир" көшесі – "Жаңарған өңір" көшесі;

"Детсад" көшесі – "Болашақ" көшесі деп қайта аталсын.

2. С. Меңдешев ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (М. Жусупкалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*С. Меңдешев ауылдық
округ әкімі:*

А. Ахметов